



## БВО1406 МЕКТЕПТЕГІ КӨРКЕМ ЕҢБЕК ЖӘНЕ ДИЗАЙН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ



### БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ

Сыни тұрғыдан ойлауы, шығармашылық шеберлігі, зерттеушілік қабілеті бар, авторлық жаңашыл идеяларын білім беруде және көркем шығармашылықта жүзеге асыра алатын, шешудің стандартты емес және баламалы жолдарын таба алатын көркем еңбек және жобалық-графикалық қызмет негіздері мұғалімдерін даярлау.

### КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ ЕТУ САЛАСЫ

Кәсіби базалық білім алған мамандар білім беру саласында, бейнелеу өнері, көркемдік еңбек және дизайн салаларында педагогикалық, шығармашылық және көркемдік жұмыстарды орындауға дайындалады. Оқытудың инновациялық әдістеріне, әдістемелік тәжірибелер мен ғылыми зерттеулер жүргізу және олардың нәтижелерін оқу үдерісіне енгізе білу дағдыларына ие.

### ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- ОН 1. Қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдары саласындағы негізгі білімдерді өмірлік жағдаяттар мен практикалық педагогикалық қызметте жинақтайды.
- ОН 2. Құқықтық және экономикалық білім негіздерін қызметтің әртүрлі салаларында пайдаланады.
- ОН 3. Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында қажетті IT-технологиялар мен цифрлық білім беру ресурстарын пайдаланады.
- ОН 4. Мемлекеттік және шет тілдерінде ауызша және жазбаша түрде тұлғааралық және мәдениетаралық өзара әрекеттесу шешімдерін жүзеге асырады.
- ОН 5. Салауатты өмір салты нормаларын және өмір қауіпсіздігі ережелерін сақтайды, академиялық адалдық негіздері мен принциптерін қолданады.
- ОН 6. Педагогикалық қызметте қажетті педагогика, психология негіздерін және оқыту әдістерін қолданады.
- ОН 7. Инклюзивті білім беру үдерісінде заманауи тәсілдерді, қашықтықтан оқыту технологияларын, ғылыми зерттеу әдістерін және академиялық жазуды қолданады.
- ОН 8. Көркемсурет-сәндік және сызба-жобалық жұмыстарын жасай алады.
- ОН 9. Өнер тарихынан алған білімдерін шығармашылық және педагогикалық қызметте қолдана алады.
- ОН 10. Көркемсурет-сәндік туындыларды орындауда дәстүрлі және заманауи технологияларды қолданады.



# 6B02123 СЭН ЖӘНЕ КИІМ ДИЗАЙНЫ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ



## БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ

Сән және киім дизайны саласында шығармашылық қызметті жүзеге асыра алатын, инновациялық құралдар мен дизайн-жобалау технологияларын пайдалана алатын киім дизайнерлерін дайындау.

## КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ ЕТУ САЛАСЫ

Кәсіптік базалық білім алған мамандар тұтынушылардың сұранысын, өзекті стильдік бағыттарды, заманауи өндірістің технологияларын, функционалдық және эстетикалық талаптарды ескере отырып, тоқыма материалдарынан киім үлгілерін жобалауға, құрастыруға және шығаруға, көрмеге киімнің жарнамалық сән үлгілерін, сондай-ақ көрініске қатысуға арналған жинақтар құруға дайындалады.

## ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- ОН 1.** Мәдениетаралық және дінаралық диалогқа қабілеттілік;
- ОН 2.** Мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде коммуникативті дағдыларды меңгерген;
- ОН 3.** Салауатты өмір салты нормаларын және өмір қауіпсіздігі ережелерін сақтай алады;
- ОН 4.** Кәсіби қызмет саласында философиялық, тарихи, ғылыми және экономикалық білім негіздерін пайдаланады, академиялық жазу дағдыларын меңгереді;
- ОН 5.** Киім дизайнының композициясы мен жобасын жасауда сурет, кескіндемені пайдаланады;
- ОН 6.** Сән және киім дизайны саласында өнеркәсіптік үлгілер мен коллекцияларды жобалауға қабілетті;
- ОН 7.** Дизайн нысандарын жобалау мен өндіруде заманауи технологияларды қолдану;
- ОН 8.** Сән және киім дизайны саласындағы макеттеу, модельдеу және түрлі-түсті композициялар орындау әдістерін меңгереді;
- ОН 9.** Киімнің дизайн-жобасын орындау үшін техникалық сызбаларды және технологиялық картаны әзірлеу;
- ОН 10.** Киім тарихы, дизайн тарихы туралы білімдерін практикада қолдану.



# 6B02124 ИНТЕРЬЕР ДИЗАЙНЫ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ



## БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ

Тұрғын және қоғамдық интерьердің заттық-кеңістіктік ортасын жобалау, орналастыру және безендіру үшін заманауи жобалау технологияларын меңгерген, кәсіби қасиеттері мен өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылысы бар заманауи шығармашылық дизайнерлерді дайындау.

## КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ ЕТУ САЛАСЫ

Кәсіптік базалық білімі бар мамандар тұрғын және қоғамдық ғимараттардың интерьерін, өндірістік және тұрмыстық бұйымдарды, монументалды-сәндік өнер элементтерін және визуалдық коммуникацияларды жобалау саласында шығармашылық және көркемдік жұмыстарды орындауға дайындалады.

## ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- ОН 1.** Кәсіби мәселелерді шешуде гуманитарлық, қоғамдық-саяси, экономикалық пәндер бойынша мәліметтерді қолданады;
- ОН 2.** Мемлекеттік және шет тілдерінде іскерлік қарым-қатынас дағдыларын меңгерген;
- ОН 3.** Салауатты өмір салты нормаларын және өмір қауіпсіздігі ережелерін сақтайды;
- ОН 4.** Интерьерді жобалауда сурет, кескіндеме негіздерін, арнайы графика тәсілдерін, композицияны және түс үйлесімінің заңдылықтарын қолданады;
- ОН 5.** Қазіргі заманғы компьютерлік технологияларды пайдалана отырып, дизайн нысандарын жобалау дағдыларын меңгереді;
- ОН 6.** Ыңғайлы және қол жетімді өмір сүру ортасын құру үшін интерьер дизайн нысандарын құрастыруға қабілетті;
- ОН 7.** Интерьер жобасында көркемдік ойлау идеясын және әртүрлі заманауи әрлеу материалдарының ерекшеліктерін, сондай-ақ олардың қасиеттерін ескере алады;
- ОН 8.** Функционалдық, эстетикалық, конструктивті-техникалық, экономикалық және басқа да іргелі талаптарға сәйкес дизайн жобаларын жасай алады;
- ОН 9.** Дизайнды зерттеудегі ғылыми әдістерге, академиялық жазу дағдыларына, интерьерді модельдеу және макеттеу әдістеріне ие.